



**Ж.А. Құранбек**

Қазақстан Республикасы Бас  
Прокуратурасы жанындағы Құқық  
қорғау академиясының докторанты  
1-ші сыныпты заңгер

## **ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ТЕРГЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Әлемдегі өркениетті мемлекеттер меншік құқығының қорғалуын әрқашанда басты назарда ұстайды. Меншіктің қорғалуы әрбір мемлекеттің негізгі Ата Заңымен, яғни Конституциясымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабына сай, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады [1].

Қазақстан Республикасының Азматтық Кодексінің 117-бабында жылжымайтын мүлікке келесідей түсінік берілген.

Жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар) жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екепелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады.

Егер кондоминиум объектісінің құрамындағы пәтерлер және өзге де тұрғын үй-жайлар, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікте болса, олар дербес жылжымайтын мүлік объектілері (түрлері) болып танылады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін [2].

Еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасырдың ішінде алаяқтық әрекеттердің сан алуан түрлері пайда болуда. Бұған негізгі себеп, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды және мемлекетіміздің экономикасының дамуынан туындайтын ерекшеліктерді өз мақсатына, теріс пайдаланатын адамдар мен топтардың қылмыстық іс-әрекеттері деп ой түйуге болады.

Ал, бұл санаттағы қылмыстар қоғам үшін қауіпті құбылыс. Жасалған алаяқтық әрекеттердің салдарынан заңды құрметтейтін қарапайым адамдар зардап шегіп жатады. Алаяқтық әрекеттер – құқықтық қоғам үшін заң бұзылушылықтың өрескел көрінісі. Алаяқтыққа қылмыстық заңнамамен тыйым салынған, жазаланатын әрекет немесе әрекетсіздік.

Меншік иелерінің заңды құқықтары азаматтық құқықтық нормамен, сондай-ақ меншік құқығына қоғамға қауіпті іс-әрекет арқылы қиянат жасалғанда қылмыстық құқық нормасымен қорғалады. Алаяқтық қылмыстарды болдырмау, ашу және тергеу құқық қорғау органдарының маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

Қылмыстық заңнамада бөтеннің меншігіне алаяқтық арқылы қол сұққаны үшін жауаптылық меншік қатынастарын қол сұғу тәсілдеріне байланысты дараланып, жеке нысанға бөлінген. Адамның құқықтары мен бостандықтарында меншікке құқықтың алатын орны ерекше. Себебі, меншік әрбір адамның материалдық тәуелсіздігінің басты факторы. Бұл құқықтар өз кезегінде экономикалық қатынастармен тығыз байланыста болады.

Әлеуметтік құндылықтар ішінде меншікке құқық - адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі маңыздысы. Сондықтан, аталған игілікке қол сұғушылық адамның жеке басына қол сұғушылықпен тең, құқыққа қарсы әрекет. Меншікті немесе мүлікті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Алаяқтық, яғни, бөтеннің мүлігін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуге қиянат жасау арқылы алу меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жатады (ҚР ҚК-нің 190-бабы).

Нарықтық экономика жағдайына және кәсіпкерлік қызметтің кең өрістеуіне байланысты талан-тараждың ең көп тараған нысаны алаяқтық болып табылады [3, 151 б.].



Меншікке қарсы қылмыстарды өз кезегінде мүліктік қылмыстар деген жалпы атаумен атала береді.

20–шы ғасырдың басындағы (1922, 1926 ж.ж.) Кеңестік Одақтың бастапқы екі қылмыстық заңнамасының тиісті тарауларының тақырыптары «Мүліктік қылмыстар» болып аталған. Көрсетілген екі түсінікте синоним сөздер болғандықтан, бір мағына береді.

Кейінгі жылдары жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты алаяқтық қылмыстар көбейу үстінде. Бұл салада алаяқтықтық әрекеттерді кәсіп еткен алаяқтардың бірігіп, ұйымдасқан қылмыстық топтар болып қалыптасуын байқауға болады. Нақтылы рөлдер мен орындайтын қызметтерді топ мүшелері арасында тарату көріністері аталмыш топтарға тән.

Алаяқтық әрекеттері құқық қорғау органдарына азаматтар арыздары мен заңды тұлғалардың хабарларының арқасында мәлім болады. Алаяқтық әрекеттерді тергеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазіргі уақытта, аталған санаттағы істер бойынша қылмыстық қудалау органдарымен келесідей тергеу әрекеттері кеңінен қолданылады.

1) күдіктінің жеке басы анықталған, ол өзінің қылмыстық әрекеттері үшін тергеу барысында ұсталған;

2) күдіктінің жеке басы белгілі, бірақ ол құқық қорғау органдарынан бой тасалап, қашып жүр. Мұндай жағдайда дер кезінде күдіктіге қатысты іздеу жарияланады, жәбірленуші мен оқиғаның куәларынан толық және және жажақты жауаптар алынады, іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттар заттай дәлелдеме ретінде танылады, жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыруға нұсқаулар беріледі, күдіктінің бой тасалауы ықтимал жерлерді анықтау, туысқандық, достық және т.б. қатынастарына анықтауға бағытталған шараларды іске асырылады;

3) тұлға күдікті ретінде белгілі, бірақ оның әрекеттері заңды келісім-шарттармен бүркемеленген. Алаяқтық іс-қимылдарды бүркемелеу үшін заңды тұлғалар (акционерлік қоғам, жауаптылығы шектеулі серіктестік, жеке меншік мекемелер және т.б) арқылы ресми жұмыстар жүргізілген. Бұл жағдайда, мекеменің құрылтай, есептік және басқа да құжаттарына алу жүргізу; түгендеу (инвентаризация) және тиісті сараптамалар мен салалық тексерулер тағайындау; қызметтік бөлімдерді қарау немесе тінту т.б жатады;

4) күдіктінің немесе күдіктелердің кімдер екені белгісіз. Мұндай жағдайларда тергеуші субъективтік портрет құрастыруды, криминалистикалық тіркеулер мен арнайы базалармен тексеруді, жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді ұйымдастырады.

Тергеу барысында, қылмыстың орын алуына қатысты версиялар жасалады.

Атап айтқанда:

- алаяқтық әрекеттер арызданушың айтқан мән-жайына сәйкес, дәлме-дәл жағдайларда орын алған;

- алаяқтық әрекеттен бөлек, басқа қылмыс құрамы бойынша орын алған;

- заңды түрде жасалынған азаматтық – құқықтық келісім көрінісі орны алған.

Жәбірленушіден жауап алу мынадай сұрақтар төңірегінде жүргізіледі: қай жерде, қашан, кім арқылы және қандай жағдайларға байланысты жәбірленуші алаяқпен (фирмамен, осы алаяқтық әрекеттер жүргізілген) танысқан, қандай мақсат көзделген; алаяқ жәбірленушіге қандай уеде берді, одан не талап етті, нені алды, жәбірленушіге нені сатты.

Куәдан жауап алу арқылы анықталатын жағдайлар; алаяқтық жағдайлары; алаяқтық сырт келбеті, оның жеке басы, кәсібі, өмірі, мінез-құлқы туралы мәліметтер; қылмыстық топтың әрбір мүшесі туралы мәліметтер; жәбірленушінің жеке басы, оның келісім-шарттағы мүддесі туралы мәліметтер, жылжымайтын мүлік немесе жеке инвесторлар салымдарын иеленуге байланысты алаяқтық келісімдер туралы істер бойынша куәлар ретінде менеджерлер, бухгалтерлер, хатшылар, кассирлар, нотариустар, тіркеу органдарының қызметкерлер санаттары жүреді.

Күдікті өз кінәсін мойындамаған жағдайда, ол жәбірленуші мен куәларға тану үшін ұсынылады, беттестіру жүргізіледі, тағайындалған сот-сараптамаларының қорытындылары ұсынылады.

Алаяқтықты тергеудің келесі кезеңінде тергеуші қылмыстық іс бойынша жиналған материалдарды талдай отырып, қосымша сұлбалар мен кестелерді, толымды жоспарларды құрастырады, іс үшін маңызды сот-сараптамаларын тағайындайды.

Қаржылық-шаруашылық операциялармен бүркемеленген алаяқтық қимылдарға байланысты сот-бухгалтерлік, сот-аудиторлық сараптамалары жүргізілуі ықтимал.



Қолтаңба-тану сараптамасына қол қоюшыны, бөлек жазуларды, толықтыруларды, сондай-ақ толық мәтінді орындаушыны анықтауды қажет ететін құжаттар жіберіледі. Мұндай жағдайларда зерттеуге мекеменің құрылтайшы құжаттарында, келісімдер мен шарттарында, қол хаттарда, кіріс-шығыс ордерлерінде қойылған қол, сондай-ақ алаяқтардың өз қолдарымен орындаған жоба жазбалары жатады.

Тергеудің алғашқы кезеңінде берілген көрсетулерді, алаяқтықтың ісі бойынша жаңадан пайда болған эпизодтар мен алғаш рет ұсынылып отырған құжаттар бойынша алынған түсініктемелерді, сондай-ақ жүргізілген сараптамалардың қорытындыларын дәлдеп, нақтылау мақсатында айыпталушыдан қосымша жауап алынады. Сонымен үзілді-кесілді тағылған айыптан кейін жасалынған қылмыстың барлық эпизодтары мен жағдайлары бойынша алаяқтардан тыңғылықты жауап алыну керек.

Айыпталушы көрсетулеріндегі қайшылықтар беттестіру жолымен және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы жойылады.

Айыпталушының дүние-мүлкі анықталған жағдайда сот шешіміне дейін оның сақталуы қамтамасыз етілу керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, Норма-К, 2013.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. – Алматы, Юрист, 2016.
3. А.Н.Ағыбаев. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. – Алматы, Жеті Жарғы, 2011.

